

Д.Д.Кульбаева* 

философия ғылымдарының кандидаты, доцент
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз қ., Қазақстан
kulbaeva68@bk.ru

Э.Д.Куандыкова 

Аға оқытушы
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз қ., Қазақстан
e-kuandikova@mail.ru

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ДӘУІРІНДЕГІ ХХІ ҒАСЫР АДАМЫНЫҢ САЯСИ-МӘДЕНИ БОЛМЫСЫ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

***Андатпа.** Цифрлық трансформация дәуірінде адамның саяси-мәдени болмысын зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Цифрлық технологиялар адамның коммуникация тәсілдерін, ақпаратты қабылдау мен тарату жолдарын түбегейлі өзгертумен қатар, саяси және мәдени процестерге де терең ықпал етуде. Бұл өзгерістер адамның танымдық мүмкіндіктерін кеңейтіп, жаңа саяси және мәдени құндылықтардың қалыптасуына жол ашуда. Алайда цифрлық ортада саяси белсенділік пен мәдени шығармашылықтың жаңа формалары пайда болғанымен, олар деректердің объективтілігі, ақпараттық кеңістіктің фрагментациясы және цифрлық этика секілді күрделі мәселелерді де алға тартады. Осы мақалада ХХІ ғасыр адамының саяси-мәдени болмысы цифрлық трансформация аясында философиялық тұрғыдан талданады, сондай-ақ бұл процестердің қазіргі қоғамдағы рөлі мен маңыздылығы қарастырылады.*

***Тірек сөздер:** цифрлық трансформация, саяси болмыс, мәдениет, философия, ХХІ ғасыр, технологиялар.*

Кіріспе. Цифрлық трансформация дәуірінде ХХІ ғасыр адамының саяси-мәдени болмысы терең өзгерістерге ұшырауда және бұл өзгерістерді философиялық тұрғыдан талдаудың қазіргі таңда өзектілігі артып келеді. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы қоғамның саяси, мәдени және әлеуметтік құрылымдарына ықпал етіп, жаңа құндылықтар мен болмыстың жаңа формаларын қалыптастырады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың таралуы саяси белсенділіктің, мәдени шығармашы-

лықтың және қоғамдық қатынастардың жаңа формаларын туғызды. Осы орайда, цифрлық платформаларда саяси дискурстардың жүргізілуі, мәдени өнімдерді цифрлық ортада жасау және тарату процестері, сондай-ақ цифрлық қоғамда адамның өзін-өзі тануы мен идентификациясы ерекше орын алады.

ХХІ ғасырдың алғашқы кезеңдерінде цифрлық технологиялар көбінесе ақпаратты сақтау, тарату және алмасу құралдары ретінде қолданылса, уақыт өте келе олардың қолданылу аясы кеңейіп, саясат, мәдениет және қоғамдық

қатынастардың ажырамас бөлігіне айналды. Цифрлық деректерді жинақтау, өңдеу және визуализациялау әдістері адамның мәдени болмысын жаңа қырынан зерттеуге мүмкіндік береді, ал саяси процестердегі цифрлық технологиялардың ықпалы қоғамдық өмірдегі билік құрылымдарының өзгеруіне және саяси шешімдер қабылдаудағы жаңа механизмдердің қалыптасуына әсер етуде. Сонымен бірге, цифрлық технологиялар философиялық және этикалық тұрғыдан күрделі мәселелерді де алға қояды. Ақпараттық деректердің объективтілігі, технологиялардың бейтараптығы, жеке өмірдің қорғалуы және цифрлық құралдардың әлеуметтік теңсіздікті күшейту ықтималдығы сияқты сұрақтар бүгінгі цифрлық қоғамда маңызды тақырыптар қатарында.

Бұл зерттеу цифрлық трансформацияның саяси және мәдени болмысқа тигізген ықпалын философиялық тұрғыдан талдауға бағытталған. ХХІ ғасыр адамының саяси белсенділігі мен мәдени шығармашылығының жаңа формаларын қарастыра отырып, мақалада цифрлық технологиялар әсерінен қоғамда пайда болған негізгі сын-қатерлер мен мүмкіндіктер талданады. Цифрлық дәуірде адамның болмысы мен құндылықтарының трансформациясы, сондай-ақ философиялық және әдіснамалық тұрғыдан бұл процестердің маңыздылығы талқыланады.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Цифрлық трансформация дәуірінде ХХІ ғасыр адамының саяси-мәдени болмысын зерттеу терең философиялық және әдіснамалық талдауды қажет етеді. Зерттеудің негізгі шарттары ретінде цифрлық технологиялардың адам болмысына әсерін анықтау, саяси және мәдени болмыстың өзара тығыз байланысын талдау, сондай-ақ бұл

құбылыстардың философиялық мәнін ашу алынды. Цифрлық технологиялардың дамуы адамның саяси белсенділігіне, мәдени шығармашылығына және өзін-өзі тану үдерісіне жаңа мүмкіндіктер ашқанымен, олар философиялық және этикалық тұрғыдан күрделі сұрақтарды да туындатуда.

Зерттеу барысында феноменологиялық әдіс арқылы адамның цифрлық ортада өзіндік болмысын қалай танытатыны мен осы процестегі өзгерістер қарастырылды. Герменевтикалық әдіс саяси және мәдени мәтіндерді, соның ішінде цифрлық дискурстарды тарихи-мәдени контекстте түсіндіруге мүмкіндік берді. Жүйелік әдіс саяси және мәдени болмысты біртұтас жүйе ретінде қарастыруға бағытталса, салыстырмалы талдау әдісі цифрлық технологиялардың жаңа формаларын дәстүрлі әдістермен салыстыру арқылы олардың ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, интердисциплинарлық әдіс философия, мәдениеттану, әлеуметтану және саясаттану салаларының интеграциясы арқылы зерттеу мәселесін жан-жақты қамтуға негізделді.

Зерттеудің дереккөздері ретінде цифрлық технологиялардың саяси және мәдени процестерге ықпалын сипаттайтын ғылыми еңбектер, цифрлық гуманитаристика саласындағы зерттеулер және цифрлық ортада пайда болған мәдени-саяси дискурстар қолданылды. Әлеуметтік желілердегі қоғамдық пікірталастар, онлайн мәдени жобалар және саяси науқандар зерттеу объектілерінің негізін құрады.

Әдіснамалық негіз ретінде классикалық және заманауи философиялық бағыттар, соның ішінде Мартин Хайдеггердің болмыс философиясы, Юрген Хабермас пен Жан Бодрийярдың ақпараттық қоғам туралы теориялары,

сондай-ақ трансгуманизм идеялары басшылыққа алынды. Сонымен қатар, Луциано Флоридидің ақпараттық қоғамның адам болмысына ықпалы туралы тұжырымдары мен Мануэль Кастельстің желілік қоғам туралы концепциялары зерттеу процесіне әдіснамалық тірек болды. Қазіргі заманғы цифрлық мәдениет пен философияға арналған ғылыми еңбектер де зерттеудің мазмұнын толықтыруға көмектесті.

Бұл зерттеу ХХІ ғасыр адамының саяси және мәдени болмысындағы цифрлық технологиялардың рөлін терең түсінуге, олардың қазіргі қоғамдағы ықпалы мен болашақтағы мүмкіндіктерін айқындауға бағытталған.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Гуманитарлық деректерді талдау саласындағы бағдарламалық және аппараттық құралдардың философиялық маңызы бүгінгі технологиялық дәуірде ерекше өзекті болып отыр. Цифрлық технологиялар біздің күнделікті өмірімізді өзгертуімен қатар, философиялық тұрғыдан қарастыруды қажет ететін жаңа мәселелер мен сұрақтарды туындатады.

Философияның негізгі міндеттерінің бірі – бағдарламалық және аппараттық құралдардың гуманитарлық ғылымдарға ықпалының этикалық және әлеуметтік аспектілерін зерттеу. Мысалы, үлкен деректерді жинау және талдау, жасанды интеллектті қолдану, немесе виртуалды шындық технологияларын енгізу секілді инновациялар жаңа философиялық дилеммалар туғызады. Осы мәселелерді шешуде философия деректерді өңдеу мен қолданудың шекараларын анықтап, технологияның қоғамға әсерін объективті бағалауға көмектеседі.

Сонымен қатар, философия цифрлық технологиялардың мәдениет

пен құндылықтарға ықпалын зерттейді. Цифрлық құралдардың арқасында гуманитарлық ғылымдардың әдістері айтарлықтай өзгерді: мәтіндерді автоматты түрде талдау, тарихи деректерді визуализациялау және үлкен көлемдегі мәліметтерді модельдеу зерттеушілерге жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Дегенмен, бұл құралдар кейде дәстүрлі әдістердің тереңдігін жоғалту қаупін де тудырады.

Бағдарламалық және аппараттық құралдарды қолдану гуманитарлық ғылымдардағы зерттеу тәсілдерін ғана емес, олардың мазмұнын да өзгертуге әсер етті. Бұл процестерді түсіну үшін философия цифрлық гуманитаристикадағы жаңа ұғымдарды талдауға және оларды дәстүрлі гуманитарлық ғылымдармен байланыстыруға бағытталған.

Философиялық рефлексияны қажет ететін тағы бір маңызды мәселе – деректер құпиялылығы мен оларды қорғау. Заманауи зерттеулер үлкен көлемдегі деректерге сүйенгендіктен, деректердің шынайылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету өзекті болып отыр. Бұл орайда философия гуманитарлық ғылымдардың этикалық стандарттарын қайта қарастырып, деректерді жауапты түрде пайдалану жолдарын ұсынады.

Философиялық талдау цифрлық гуманитаристикада кеңінен қолданылатын құралдардың шекараларын анықтауға, олардың нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл құралдардың артықшылықтары мен шектеулерін зерттей отырып, философия гуманитарлық ғылымдарда әдіснамалық және теориялық жаңашылдықтарды енгізуге көмектеседі. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы ХХІ ғасыр адамының саяси және мәдени

болмысына түбегейлі өзгерістер енгізуде. Бұл өзгерістер адамның қоғамдық қатынастарға қатысуынан бастап, өзінің ішкі құндылықтарын анықтауына дейінгі барлық салаларды қамтиды. Цифрлық технологиялар жаңа саяси мәдениеттің, әлеуметтік байланыстардың және мәдени шығармашылықтың қалыптасуына ықпал етті. Осы өзгерістерді философиялық тұрғыдан түсіну – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

Саяси болмыс – адамның қоғамдағы билікке, шешім қабылдау процестеріне және қоғамдық тәртіпке қатысуының көрінісі. Цифрлық трансформация бұл болмысты жаңа деңгейге көтерді. Біріншіден, цифрлық платформалар саяси пікірталастардың негізгі алаңына айналды. Әлеуметтік желілер арқылы азаматтар саяси белсенділіктерін көрсетіп, қоғамдық пікірді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мысалы, "араб көктемі" революциясы кезінде әлеуметтік медиа азаматтық қозғалыстың қозғаушы күші болды [1].

Екіншіден, цифрлық технологиялар арқылы саяси үдерістердің ашықтығы артты. Электронды үкімет пен блокчейн сияқты құралдар азаматтардың билік құрылымдарына сенімін нығайтуға мүмкіндік береді [2]. Дегенмен, цифрлық ортадағы жалған ақпарат тарату, манипуляция және кибершабуылдар сияқты мәселелер жаңа қауіп-қатерлерді туындатады [3].

Саяси болмыстың трансформациясы адамның билікке деген қатынасын ғана емес, сонымен бірге өзіндік саяси субъект ретінде танымын да өзгертеді. Жеке адам үшін цифрлық кеңістіктегі саяси белсенділік өзін-өзі таныту құралына айналуға.

Ал енді, цифрлық мәдениеттің ерекшеліктеріне тоқталсақ, цифрлық дәуір мәдени болмыстың да сипатын өзгертті. Цифрлық мәдениет адамның

шығармашылық әрекетінің жаңа формаларын қалыптастырды. Мысалы, YouTube, TikTok, Instagram сияқты платформалар кез келген адамға өзінің мәдени өнімін жаһандық аудиторияға ұсынуға мүмкіндік береді [4]. Цифрлық мәдениеттің тағы бір ерекшелігі – мәдени мұраны цифрландыру және сақтау. Мәдени артефактілердің цифрлық форматқа көшірілуі оларды қолжетімді әрі тұрақты етті. [5] Сонымен бірге, цифрлық технологиялар мәдениетаралық байланыстарды нығайтуға ықпал етті. Әртүрлі мәдениеттер цифрлық кеңістікте бірігіп, жаһандық мәдениет қалыптастыруда.

Алайда Цифрлық мәдениеттің қиындықтары да аз емес. Цифрлық платформаларда мәдени стандарттардың коммерциялануы, жеке шығармашылықтың құнсыздануы және цифрлық мәдениетте этикалық нормалардың бұзылуы сияқты проблемалар бар [6].

XXI ғасыр адамының саяси-мәдени болмысындағы өзгерістерді философиялық тұрғыдан түсіну үшін бірнеше маңызды аспектілерге тоқталу қажет. Біріншіден, цифрлық технологиялар болмыстың кеңістіктік-уақыттық құрылымын өзгертті. Адамдар бір мезетте әлемнің әртүрлі нүктелерінде болып жатқан оқиғаларға қатыса алады, бұл Хайдеггердің "болмыс уақыты" ұғымын қайта қарауға мүмкіндік береді [7].

Екіншіден, цифрлық болмыс адам мен технология арасындағы шекараны жойып, жаңа онтологиялық сұрақтарды алға тартты. Флоридидің "ақпараттық кеңістік" концепциясы цифрлық технологиялардың адамның танымдық және болмыстық құрылымына қалай әсер ететінін көрсетуге мүмкіндік береді [8].

Үшіншіден, цифрлық кеңістіктегі саяси және мәдени процестер Жан Бодрийяр сипаттаған симуляция мен гипершындық ұғымдарының нақты мысалына айналды. Цифрлық плат-

формада шынайы және жасанды болмысты ажырату барған сайын қиынға соғуда [6].

ХХІ ғасыр адамының саяси-мәдени болмысы цифрлық трансформация әсерінен түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Бұл өзгерістердің жағымды және жағымсыз жақтарын ескере отырып, адамның болмысын түсіну үшін жаңа философиялық тәсілдер қажет. Цифрлық технологиялар адамға саяси және мәдени тұрғыдан өзін-өзі көрсетуге жаңа мүмкіндіктер ұсынса да, олармен бірге күрделі этикалық және онтологиялық мәселелерді де туындатады. Осылайша, цифрлық дәуірде адамның саяси-мәдени болмысына қатысты зерттеулер өзекті болып қала береді.

Қорытынды. Қазіргі цифрлық дәуірде ХХІ ғасыр адамының саяси-мәдени болмысы жаңа сапалық өзгерістерге ұшырап, философиялық тұрғыдан терең талдауды қажет етуде. Цифрлық технологиялар адамның қоғамдық қатынастарға қатысуының жаңа формаларын қалыптастырып, саяси белсенділік пен мәдени шығармашылықтың жаңа құралдарын ұсынды. Дегенмен, бұл процестермен бірге философиялық және этикалық мәселелердің пайда болуы да сөзсіз. Цифрлық кеңістіктегі саяси пікірталастар, мәдени мұраларды сақтау

мен интерпретациялау, сондай-ақ адамның өзін-өзі тану және көрсету процестері күрделі философиялық сұрақтарды туындатып отыр.

ХХІ ғасырдың саяси-мәдени болмысы адамның болмысын жаңаша қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл болмыстың маңызды аспектілерінің бірі – цифрлық технологиялардың адамның дүниетанымына, құндылықтарына және қоғамдық қатынастарды түсінуіне ықпалы. Сонымен бірге, цифрлық платформада ақпараттың объективтілігі, алгоритмдердің бейтараптығы және жеке деректердің құпиялылығы мәселелері ерекше маңызға ие болуда.

Цифрлық трансформация адамның болмысын кеңейтіп, оның саяси және мәдени өмірге қатысу мүмкіндіктерін арттырса да, бұл процестер адамның әлеуметтік және мәдени болмысын қайта ойластыру қажеттігін көрсетеді. ХХІ ғасыр адамының саяси-мәдени болмысын зерттеу цифрлық дәуірдегі қоғам мен мәдениеттің даму бағытын түсінуге ғана емес, сонымен қатар жаңа әдіснамалық және философиялық ұстанымдарды қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, цифрлық технологиялар қазіргі қоғамның әлеуметтік және мәдени құрылымдарын өзгертіп қана қоймай, адамның болмысы мен құндылықтарын қайта қарастыру қажеттілігін де айқындайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Кастельс, М. Восхождение сетевого общества [Текст] / М. Кастельс. - М.: Юрайт, 2012. - 568 с.
2. Флориди, Л. Четвертая революция: как инфосфера меняет человеческую реальность [Текст] / Л. Флориди. - М.: Альпина Паблишер, 2017. - 312 с.
3. Морозов, Е. Заблуждение сети: темная сторона свободы в Интернете [Текст] / Е. Морозов. - М.: Вильямс, 2012. — 456 с.
4. Дженкинс, Г. Культура конвергенции: столкновение старых и новых медиа [Текст] / Г. Дженкинс. - М.: Вильямс, 2008. - 352 с.
5. Кириллова, Н. Б. Цифровая культура: философские и социокультурные аспекты [Текст] / Н. Б. Кириллова. - М.: Академический проект, 2020. - 288 с.
6. Бодрийяр, Ж. Симулякры и симуляция [Текст] / Ж. Бодрийяр. - М.: АСТ, 2000. - 224 с.

7. Хайдеггер, М. Бытие и время [Текст] / М. Хайдеггер. - М.: Республика, 1993. - 512 с.
8. Флориди, Л. Четвертая революция: как инфосфера меняет человеческую реальность [Текст] / Л. Флориди. - М.: Альпина Паблишер, 2017. - 312 с.

Д.Д.Кульбаева*, Э.Д.Куандыкова

Таразский университет им. М. Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ В ЭПОХУ XXI ВЕКА: ФИЛОСОФСКИЙ АНАЛИЗ ПОЛИТИКО-КУЛЬТУРНОГО БЫТИЯ ЧЕЛОВЕКА

Аннотация. В эпоху цифровой трансформации исследование политико-культурного бытия человека является одной из актуальных проблем современности. Цифровые технологии существенно изменяют способы коммуникации, восприятия и распространения информации, оказывая глубокое влияние на политические и культурные процессы. Эти изменения расширяют познавательные возможности человека и открывают путь для формирования новых политических и культурных ценностей. Однако, несмотря на появление новых форм политической активности и культурного творчества в цифровом пространстве, эти процессы поднимают сложные вопросы объективности данных, фрагментации информационного пространства и цифровой этики. В данной статье философски анализируется политико-культурное бытие человека в контексте цифровой трансформации, а также рассматривается роль и значимость этих процессов в современном обществе.

Ключевые слова: цифровая трансформация, политическое бытие, культура, философия, XXI век, технологии.

D.D.Kulbayeva*, E.D.Kuandykova

M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan

DIGITAL TRANSFORMATION IN THE 21ST CENTURY: A PHILOSOPHICAL ANALYSIS OF HUMAN POLITICAL-CULTURAL BEING

Abstract. In the era of digital transformation, the study of human political-cultural being has become one of the most relevant issues of today. Digital technologies radically change communication methods, ways of perceiving and distributing information, while also deeply influencing political and cultural processes. These changes expand human cognitive capabilities and open the way for the formation of new political and cultural values. However, despite the emergence of new forms of political engagement and cultural creativity in the digital space, these processes raise complex issues such as data objectivity, fragmentation of the information space, and digital ethics. This article provides a philosophical analysis of human political-cultural being in the context of digital transformation and explores the role and significance of these processes in contemporary society.

Keywords: digital transformation, political being, culture, philosophy, 21st century, technologies.

References

1. Castells, M. Voskhozhdienie setevogo obshchestva [The rise of the network society] [Text] / M. Castells. — М.: Yurait, 2012. — 568 p.

2. Floridi, L. CHetvertaya revolyuciya: kak infosfera menyaet chelovecheskuyu real'nost' [The Fourth Revolution: how the infosphere changes human reality] [Text] / L. Floridi. Moscow: Alpina Publisher, 2017. 312 p.
3. Morozov, E. Zabluzhdenie seti: temnaya storona svobody v Internetе [The delusion of the web: the dark side of freedom on the Internet] [Text] / E. Morozov. — M.: Williams, 2012. — 456 p.
4. Jenkins, G. Kul'tura konvergencii: stolknovenie staryh i novyh media [The culture of convergence: the clash of old and new media] [Text] / G. Jenkins. — M.: Williams, 2008. — 352 p.
5. Kirillova, N. B. Cifrovaya kul'tura: filosofskie i sociokul'turnye aspekty [Digital culture: philosophical and sociocultural aspects] [Text] / N. B. Kirillova. — M.: Academic project, 2020. — 288 p.
6. Baudrillard, J. Simulyakry i simulyaciya [Simulacra and simulation] [Text] / J. Baudrillard. — M.: AST, 2000. — 224 p.
7. Heidegger, M. Bytie i vremya [Genesis and Time] [Text] / M. Heidegger. — M.: Republic, 1993. — 512 p.
8. Floridi, L. CHetvertaya revolyuciya: kak infosfera menyaet chelovecheskuyu real'nost' [The Fourth Revolution: how the infosphere changes human reality] [Text] / L. Floridi. — M.: Alpina Publisher, 2017. — 312 p.

5.02.25 ж. баспаға түсті

10.02.25. ж. түзетулермен түсті.

14.03.25 ж. басып шығаруға қабылданды

Мақалаға сілтеме:

Кульбаева, Д.Д. Цифрлық трансформация дәуіріндегі ХХІ ғасыр адамының саяси-мәдени болмысы: философиялық талдау [Мәтін] / Д.Д. Кульбаева, Э.Д. Куандыкова // Dulaty University Хабаршысы. — 2025. — Б. 91-97 <https://doi.org/10.55956/KWOG4474>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).